

Жарма ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 160 "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 195 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 6079 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарма ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 13 маусымдағы № 160 "Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6012 тіркелген, 2019 жылдың 21 шілдедегі №8(9058) "Қалба тынысы" аудандық газетінде және 2019 жылдың 20 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Жарма ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жарма ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Жарма ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н.А. Нурғалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ